

**"Сайлау учаскелерін құру туралы" Аршалы ауданы әкімінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 02 шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Ақмола облысы Аршалы ауданы әкімінің 2016 жылғы 28 шілдедегі № 12 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 29 тамызда № 5505 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Аршалы ауданы әкімінің 2019 жылғы 9 қаңтардағы № 01 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды – Ақмола облысы Аршалы ауданы әкімінің 09.01.2019 № 01 (ресми жарияланған күннен қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і ,**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған .**

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық Заңының 23 бабының 1 тармағына , "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33 бабының 2 тармағына сәйкес, Аршалы ауданының әкімі **ШЕШІМ Е Т Т І :**

1. Аршалы ауданы әкімінің "Сайлау учаскелерін құру туралы" 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 02 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізбесінде № 5206 тіркелген, "Вперед", "Аршалы айнасы" газеттерінде 2016 жылғы 02 ақпанда жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

№ 164 сайлау учаскесінің таратылуына байланысты көрсетілген шешімінің қосымшасындағы 31 тармақ алып тасталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Аршалы ауданы әкімі аппаратының басшысы **Ә.Қ.Балташевқа** жүктелсін.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аршалы ауданының әкімі

*А.Тайжанов*

Келісілді

Аршалы аудандық сайлау  
комиссиясының төрайымы

*Л.Асанова*

"28" 07 2016 жылғы

